ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы **11 шілде** №2301-23-00-2/967 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Динжанова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық офтальмология ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Айбар Мадиулы Мадешев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Б.Г.Салиманова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 21 ақпандағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №59 шарт 2023 жылғы 07 наурызда жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге техникалық сипаттамаға сәйкес, жауапкер тапсырыс берушіге Веб-камераны жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 342 916 теңге, орындау мерзімі – Шарт жасалған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 23 наурызға дейін белгіленген.

Іс құжаттарындағы 2023 жылғы 13 наурыздағы №1 актіде жеке кәсіпкер Мадешевпен жеткізілген 14 дана веб-камералар техникалық сипаттамаға сәйкес келмегендігі көрсетілген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері тиісті түрде орындалмағанын, жауапкер техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтін веб-камералар алып келгенін, кейін 06 сәуір күні тауардың техникалық сипаттамаға сәйкес келмей қалғанын, тауарды енді жеткізетінін көрсетіп, жауапкер жазбаша хат жазғанын, алайда одан кейін байланысқа шықпай қалғанын, сотқа талап қойған немесе іс қаралған күнге дейін тауар жеткізілмегенін көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талапты қуаттап, жауапкердің жеткізген веб-камерасының объективі варифокальды емес болғанын, техникалық сипаттамаға сәйкес келетін веб-камера бүгінгі күнге дейін жеткізілмегенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінгенбеген.

АПК-нің 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен шарттың міндеттемелері бүгінгі күнге дейін тиісінше орындалмаған.

Бұл жағдайда сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын негізді деп таниды.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден 1725 теңге мемлекеттік баж мемлекет кірісіне өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 17.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 18.08.2023, судья Балмұханова А. Р., 18.08.2023
2301-23-3-1/1105

АПК-нің 196, 223-226,229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық офтальмология ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын жеке кәсіпкер Айбар Мадиулы Мадешевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Айбар Мадиулы Мадешев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Айбар Мадиулы Мадешевтен мемлекеттік кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2023 жылғы 18 тамызда енді.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 17.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.08.2023, судья Балмуханова А. Р., 18.08.2023